

Ақпараттық-маркетингтік жүйенің инфрақұрылымын құру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 желтоқсан N 1689

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 14 наурыздағы N 359 U000359_ Жарлығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2000-2003 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3.3-тармағын орындау үшін және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де орталық мемлекеттік органдар (келісім бойынша):

1) бір айлық мерзімде ақпаратты өңдеудің қорғалған құралдары мен техникалық қорғау құралдарын сатып алу мен пайдалану жөніндегі ақпараттық-маркетингтік жүйенің инфрақұрылымын дамытуға жауап беретін, штат санының бекітілген лимиті шегіндегі өзінің бөлімшелік құрамын белгілесін;

2) 2002 жылғы бірінші тоқсанда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдаланатын мемлекеттік органдар мен ұйымдарда қолда бар ақпаратты қорғау құралдарының дерекқорларын қалыптастырсын. Отандық өндірістегі ақпаратты өңдеудің қорғалған құралдары мен техникалық қорғау құралдарын пайдалануға кезең-кезеңімен көшу жоспарын әзірлесін және бекітсін;

3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі бекіткен нысанға сәйкес пайдаланылатын ақпаратты өңдеудің қорғалған құралдары мен техникалық қорғау құралдары туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігіне тоқсан сайын ұсынып отыратын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі оның ұсталуына көзделген қаражаттың шегінде:

1) ақпаратты қорғау мен өңдеудің отандық және шетелдік техникалық әрі бағдарламалық құралдары, оның ішінде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер туралы дерекқор құрсын;

2) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдаланатын мемлекеттік органдар мен ұйымдарды ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істеуге рұқсат етілген (ұсынылған) отандық әрі шетелдік өндірістегі ақпаратты қорғаудың немесе өңдеудің техникалық және бағдарламалық құралдарының жаңа түрлерінің мерзімдік ақпараттық бюллетенін шығаруды ұйымдастырсын.

3. Ақпараттық-маркетингтік жүйенің инфрақұрылымын құру және дамыту

жөніндегі жұмыстарды жалпы үйлестіру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.